

А.Ш. Несіпбай* , Г.Т. Әбікенова 
Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан
(E-mail: *ainur-nesipbaeva@mail.ru, abikenova-gt@mail.ru)

Құрылыс және сәулет саласындағы будан атаулардың жасалу жолдары

Аңдатпа. Басқа тілден ана тілге сөздердің енуі және кей жағдайда оларды кейбір жолмен аударып алу арқылы қабылдаушы тілдің сөздік құрамын толықтырып байытады. Кеңес үкіметі дәуірінде түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің лексикасы орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа шет тілдерден енген сөздермен толығып, оның қолданыс аумағы кеңіді. Белгілі бір тілдің сөздік тілдің ішкі мүмкіндіктерінің есесінен, бұрыннан бар сөздерден туынды сөздер жасаудың есесінен дамып байыса, сонымен қатар басқа тілдерден жаңа сөздердің енуі арқылы да толығып отырады. Мақаланың негізгі мақсаты қазіргі қазақ тіліндегі құрылыс және сәулет саласындағы будан терминдердің жасалу жолдарын зерттеу, олардың тілдік сипатын анықтау, грамматикалық құрылысына талдау жасау және құрылыс саласында пайда болуының себептері мен заңдылықтарын анықтау. Зерттеудің міндеттеріне материалдарды іріктеу, дереккөздерді анықтау, кірме сөздердің қазақ тіліне ену уақыты, олардың семантикасы, сонымен қатар шет тіліндегі терминологиялық бірліктердің типологиясын құруды жатқызамыз. Зерттеу материалдары ретінде құрылыс саласындағы кәсіби мәтіндер, энциклопедия материалдары, коммерциялық каталогтар және терминологиялық сөздіктер мен стандарттар негіз болды. Кірме сөздердің қазақ тіліне ену көздері анықталып, шет тілдік номинациялардың типологиясы ұсынылды. Мақалада лексикалық, морфемдік, синтаксистік және семантикалық кірме сөздер ерекшеленген. Сонымен қоса аталған будан лексикалық бірліктердің кәсіби интернет коммуникациясында қызмет ету мысалдары келтірілген.

Түйін сөздер: құрылыс терминологиясы, сәулет, будан, кірме сөздер, лексикалық бірліктер, калька, қазақ тілі, сөзжасам.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-95-105>

Түсті: 15.08.2023; Жөнделді: 18.08.2024; Мақұлданды: 19.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Қазіргі таңда лингвистиканың маңызды мәселелерінің бірі тілдердің өзара байланысы мен ықпалы болып табылады. Мемлекеттік тіліміз қазақ тілінің мәртебесін көтеру, әсіресе ғылым тіліне айналдыруда ұлт тіліндегі терминдердің үлесі мен қолданысы басым болуы негізгі шарттардың бірі болып табылады. Білім мен ғылымның, жаңа ақпараттық

технологиялардың дамуына байланысты және кәсіптік бағытта мәдениетаралық ынтымақтастықтың ұлғаюы тілімізге жат сөздердің қарқынды енуіне себеп болды. Нарықтық қатынастарға көшу кезіндегі Қазақстандағы орасан зор саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өзгерістер бірден тілімізде көрініс тапты. Лингвистикалық кірмелер тұрғысынан қазақ тілінің қазіргі даму кезеңіне тән қасиет оның шет тіл сөздеріне ашықтығы. Кірме сөздер мәселесі лексикологиядағы әрқашанда қарама-қайшылық туғызатын мәселелердің бірі болып келеді. Осы мәселе бойынша ғалымдар әртүрлі пікірлер айтып, дау туғызады. Бір ғалымдар шетел тілінен енген кірме сөздер қазақ тілінің сөздік қорын лаптап жатыр десе, керісінше екінші бір ғалымдар кірме сөздер сөздік қорды байытады дейді. Басқа тілден енген сөздердің басым көпшілігі өздерінің бастапқы мағынасын сақтап, семантикалық жақтан өзгеріске ұшырай қоймайды. Кірме сөздерді қабылдағанда оның ішкі формасы мен дәлелдемесіне назар аударылмайды. Реципиент тілде бұл кірме сөздердің қандай морфемалардан құралғаны, олардың қалай пайда болғаны есепке алынбайды. Соған қарамастан, кірме сөздер тіліміздің өзіндік ішкі заңдылықтары мен нормаларына бейімделе отырып, сан алуан өзгерістерге ұшырайды. Кірме сөз құрамындағы қазақ тіліне жат дыбыстар онымен ұқсас дыбыстармен алмастырылады.

Терминология қызметін тұтастай қарастыра отырып, фонетика, морфология және синтаксисте терминдердің келесі сипаттамаларын атап өту керек:

1. Терминдер қарапайым тілдегі заңдар негізінде қалыптасады;
2. Арнайы мәтіндердегі терминдердің қызметі көркем мәтіндерде қолданылатын басқа сөздер мен сөз тіркестерінің қызметінен ерекшеленеді.
3. Арнайы мәтіндерде терминдер де, жиі қолданылатын сөздер де қолданылады.

Бұл жерде атап өтетін бір жай терминдердің көбі зат есімдер, содан кейін ғана сын есімдер мен жіктік жалғаулар. Терминологиялық талдау терминологиялық жүйеде терминнің орнын, яғни оның белгілі бір шеңбердегі қызметін көрсетеді.

Терминдердің негізгі сипаттамалары:

1. Терминдер бір мағыналы болуы керек;
2. Терминдер жүйелендірілуі керек;
3. «Негізгі терминнен» жаңа терминдерді шығару оңай болуы керек;
4. Терминдер қысқа болуы керек;
5. Терминдер лингвистикалық тұрғыдан дұрыс болуы керек;
7. Терминнің кірме сөз болмауы.

Бүгіннің өзінде сәулет және құрылыс терминологиясымен байланысты мәселелер әлі де терең зерттелмеген. Дегенмен, сәулет саласы ғылымның жеке бір саласы ретінде өзінің бастауын ХІХ ғасырдың басынан алады. Сонымен қатар, сәулет ісі тарихпен тығыз байланысты. Біз тіпті сәулет ісі тарихтың негізін құрайды деп айта аламыз, өйткені тарих өткенді жазбаша құжаттардың көмегімен қайта құрумен айналысады. Ал археологияға келетін болсақ, әртүрлі ескерткіштердің деректерін пайдаланады, соның ішінде сәулет ескерткіштері де бар. Сәулет ісі тек қызметтің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге қызметтің өзі де болуы керек деп саналады. Құрылыс және сәулет тілін үйренудің негізгі себебі де ортақ тіл аясындағы мәселе болып табылады.

«Сәулет және құрылыс тілі» термині белгілі бір тілдік бірліктерді, жалпы сәулет ұғымдарын, объектілерін және процестерін білдіреді. Бұл бірліктер басқа салаларда, ғылым, көркем мәтін (поэзия және проза) сияқты салаларда жалпы әдеби тілдің бір бөлігі бола алады. Көбінесе сәулет элементтері поэтикалық шығармаларда экспрессивтілік құралы ретінде қолданылады және метафоралармен, эпитеттермен, салыстырулармен және т. б. ұсынылуы мүмкін.

«Архитектуралық термин» ұғымы - бұл құрылыс саласында белгілі бір ұғымды белгілеу үшін қолданылатын сөз. Оның негізгі сипаттамалары:

- 1) кез-келген термин сияқты, ол бір мағыналы болады;
- 2) бұл терминдер эмоционалды болмайды;
- 3) стилистикалық бейтарап болады.

Сәулет және құрылыс саласындағы сөздік қорды жеке дербес әлемнің аңғал және ғылыми суретінің сегменті ретінде көрсетуге болады. Архитектураның терминологиялық жүйесі және құрылысы гетерогенді. Ол сәулет өнерінде белгілі бір ұғымдарды білдіретін арнайы терминологияны, сондай-ақ күнделікті тілімізде қолданылатын бірқатар сөздерді оңай біріктіреді.

Сонымен қатар, сәулет және құрылыс саласындағы терминдердің тағы бір сипаттамасы терминологизация болып табылады, яғни терминді бір ғылыми саладан екінші салаға түрлендіру процесі, мысалы, «пирамида» архитектуралық терминін әлеуметтану саласындағы «әлеуметтік пирамида» деп түрлендіру.

Қазіргі лингвистикада арнайы тіл лексикасына қатысты мәселелер терминологиялық лексиканың қызмет ету салалары кеңейген сайын өзекті болып келеді, бұл дегеніміз көп жағдайда белгілі бір терминдердің мағыналарын кеңейтуге немесе тарылтуға ықпал етеді. Сәулет және құрылыс тіліндегі терминологияның ұзақ тарихы бар. Бұл саладағы терминдерді келесі сөйлеу стильдерінде қолдануға болады:

- ғылыми стильде (сәулет және құрылыс бойынша ғылыми жұмыстар, мақалалар, монографиялар, диссертациялар);
- ғылыми-танымал әдебиеттерде (мақалалар, брошюралар, жолсілтемелер) ;
- ресми тілде (бизнес тілі);
- академиялық тілде (кітаптар, нұсқаулықтар, энциклопедиялар, сөздіктер).

Ғылыми зерттеудің басты мақсаты. Зерттеудің мақсаты қазақ тіліндегі құрылыс және сәулет саласындағы будан атаулардың жасалу жолдарын зерттеу, олардың грамматикалық құрылысын анықтау.

Зерттеу нысаны – құрылыс және сәулет саласындағы будан сөздер мен сөз тіркестерді талдау.

Зерттеу пәні – қазіргі қазақ тіліндегі құрылыс саласында кездесетін тілдік бірліктер және будан аталымдар.

Арнайы мақсаттарға арналған тіл теориясының дамуы қазіргі тіл білімінің ең маңызды салаларының бірі терминжасамның қалыптасуына ықпал етті. Терминжасамның теориялық негіздері туралы қазақ және орыс ғалымдарының еңбектерінен көруге болады, атап айтқанда Ш.Құрманбайұлы, Ә.Қайдаров, Б.Момынова, С.Құлманов, Э.Хауген, Д.Лотте, А.Реформатский, В.Лейчик және т.б.

Әрбір тілдің лексикалық қорында терминдердің қалыптасуы мен жасалуында белгілі бір жүйе болады. Біріншіден, қабылдаушы тілде семантикалық, грамматикалық, дыбысталу және жазылу ерекшеліктері өзгермей сол қалпында қалатын кірме терминдерді жатқызамыз, екіншіден, шет тілінің сөздік құрылымы реципиент тілге дәлме-дәл аударылатын калька терминдер, және үшіншіден, калька терминнің түбірі немесе қосымшасы ғана аударылып, туынды сөзге қазақ тілінің жұрнағы не болмаса жалғауы жалғанатын будан терминдер. Будан атаулар лексикалық құрылысы бойынша сөздердің бірігуі, қысқартылуы және қайталануы мен қабылдаушы (реципиент) тілдің қосымшаларын жалғау арқылы жасалынады. Бұл терминдер кірме шет тілдік сөздің түбіріне төл тіліміздің қосымшасын жалғау немесе төлтілдік түбір сөзге шет тілдік кірме сөзді жалғау арқылы қалыптасып келе жатқан терминдер.

Академик Ш. Құрманбайұлы қазақ тілінде кірме атаулардың пайыздық үлесі өте төмен, шамамен сөздік қордың 10-15 пайызын құрайды. Ал терминдердің 90% қазақ тілінің төл сөздері, бұл төл сөздер негізінде жасалған жаңа атаулар дейді. Бұл терминдердің көбі төл тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделіп, үндестік заңын сақтай отырып өзгеріске ұшырайды. Дегенмен бұл көрсеткіштер кеңес одағы кезінде жоғары болған, кірме атаулар шамамен сөздік қордың 70-80 % құраған [1,583]. Ғалым бір бөлшегі төл сөзіміз, ал екінші бөлшегі кірме сөз немесе шетелдік сөз болып келетін сөздер саны қазақ тілінде аз болатын деген тұжырымдама жасайды. Мысалы, бұрын радиобаар, телехабар деген сияқты аралас құрамды сөздер болатын, ал бүгінгі таңда осындай тектес сөздердің саны көбейіп келеді. Бұл дегеніміз ерекше назар аударатын құбылыс болып табылады дейді.

Маңызды істердің бірі осы бұдан терминдердің санының көбеюінің лингвистикалық және экстралингвистикалық себептерін анықтау, олардың қалай жасалатынын зерттеу, және де мағыналық-құрылымдық сипатын көрсету. Бұл дегеніміз бұдан атауларға тиісті талдау жасау үшін, біз алдымен оларды түрлі салалардан (ғылым, білім, мәдениет, баспасөз және т.б.) жинақтап, жүйелеп алуымыз қажет. Сонымен қатар, оларды сала-сала бойынша жинақтап, терминжасамға қосатын үлесін, орнын, жасалу ерекшеліктерін анықтау керек деп сипаттайды [1, 772].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Мақаланы жазу барысында қазіргі тіл білімінде қалыптасқан ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, жинақтау және сипаттау әдістері қолданылды. Кейбір бұдан сөздердің қай тілден енгенін, шығуын анықтау мақсатында ғылыми әдебиеттер, түсіндірме сөздіктер, орысша-қазақша, орысша-ағылшын сөздіктері, интернет желілеріндегі ақпараттар пайдаланылды. Талдауға алынған тілдік материалдар контекспен байланысты қарастырылды.

Әдебиетке шолу

Зерттеудің теориялық және әдістемелік бөлігі терминология бағытындағы отандық және шетелдік атақты лингвист ғалымдардың еңбектеріне негізделген: А.А. Реформатский, А. Байтұрсынов, Н.А. Трофимова, Р. Сыздық, Ә. Қайдар, Г. Досжан. Сонымен қатар Ш. Құрманбайұлы, Б. Момынова, С. Құлманов, А. Ахмет, Н. Исмаилова, Д. Қуантхан еңбектеріндегі сөзжасам жүйесінің кірме сөздермен толығы және бұдан терминдердің қазіргі қазақ тілінде арту себептеріне сипаттама берілді.

Терминологияның өзекті мәселелерін зерттеген ғалымдардың мақалалары мен конференция баяндамаларының материалдары негізге алынды: С. Құлманов, Р. Сыздық, Ә. Айтбаев, Б. С. Қалиұлы, А. Кошекова.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңындағы негізгі ұғымдар қарастырылды [2].

Талқылау және нәтижелер

Қазіргі қазақ тілінде құрылыс саласына қатысты лексика әртүрлі қырынан алынып зерттелуде. Сәулет-құрылыс саласы қоғамдық өмірінің барлық салаларын қамтиды. Құрылыс саласының даму деңгейіне қарап мемлекет экономикасының тұрақтылығына, халықтың тұрмыс-жағдайына, жаңартулардың дамуына баға береді. Қазіргі таңда мемлекетіміздің құрылыс саласында 46 мыңнан астам өнеркәсіптік кәсіпорындар қызмет етуде. Соңғы жылдары құрылыс материалдары индустриясы қарқынды дамып, бұйымдар мен конструкциялар өндірісінің күрт өскені байқалады. Мемлекетімізде құрылыс көлемдері ұлғайды, әсіресе тұрғын үй құрылысына сұраныс күшеюде. Осыған байланысты құрылысшылар арасында бәсекелестік туындап, оларға қойлатын экологиялық талаптар мен технологиялық құрылыс материалдарының сапасы өсті. Бүгінде құрылыс саласында бұрын қолданылмаған *пенопласт, термопанель, гипсокартон, травертин, левкас, изовер, алинекс, ыстыққа және суға шыдамды желімдер, металосайдинг, фибробетон* және т.б. сияқты жаңадан шыққан материалдар қолданылуда. Осыған орай терминология жүйесінде сәулет-құрылыс индустриясы саласында жаңа терминдер пайда болды.

Сәулет-құрылыс саласын зерттеген еңбектерге сүйенсек, бұл терминдердің жасалу жолын төмендегідей топтарға бөлуге болады: 1. Сын есім+зат есім: *сәулет жұмыстары, жол құрылысы, асфалттық бетон, бекіткіш каркас, мұнарлы кран, қаптағыш панель, мердігерлік ұйым, құрылыс жұмыстары, осьті вентилятор, тербелмелі көлік және т.б.* 2. Күрделі объектілі терминдер: *сәулет-құрылыс жұмыстары, апаттық-реттеуші резервуар, апаттық-жөндеу жұмыстары, акустикалық тереңдік өлшеуіш, газдық дәнекерлеу машинасы, жол-монтаждау жұмыстары, ауа-газ қоспасы, бақ-саябақ өнері, құрылыс-техникалық құжаттар, ұсақ қуысты бетон және т.б.* 3. Кесілген сын есімді: *автожол жөндеу жұмыстары, темірбетон, техника-экономикалық көрсеткіш, электромонтаждау жұмыстары және т.б.* 4. Бір бөлігі символ

болып келетін терминдер: *Г-нішімді баған, S – нішімді шатыр, Y – нішімді құбыр, Z-нішімді шпунттық қада, X-нішімді түйіспелік қосылыс, автокөлік жолдарының Y- нішімді жанасуы, А-корпусы, А-6 гранулиті* [3, 32]. Бұл мысалдарда қазақ тілінде құрылыс терминдерінің жалпы жасалу жолдары көрсетілген. Ал құрылыс индустриясындағы будан атаулардың жасалу жолдарына, олардың грамматикалық және морфологиялық құрылысына талдау жасау мақсаты туындайды. Будан сөздерге екі түрлі тілден шыққан компоненттен тұратын туынды сөздерді жатқызамыз.

Белгілі тілтанушы ғалым Б.Момынова будан сөздердің жасалу жолдары сан алуан түрлі дейді. Қазіргі неологизм ілімінде гибрид сөздердің ерекшеленуі сөздердің жеке тобы ретінде бөлектенуі сөз формаларының, графикастардың, графодериваттардың, графоварианттардың, графо-орфографиялық формалардың трансформациялануымен байланыстырылады. Орыс тілінде бұл сөздерді жаңа лексемалар ретінде бағалай отырып, оларға әр түрлі атау береді: гибрид сөздер, кентавр сөздер, креолданған сөздер [4, 47].

Терминтанушы ғалым Д.С. Лотте өзінің еңбегінде будан атауларды «қоспа кірме сөз» деп атайды. «Түпнұсқа және аударылған кірме терминдер өз қалпында және аралас түрінде де болады. Осының нәтижесінде өзіндік будан не қоспа терминдер пайда болады. Сонымен қоса, шет тілдік элементтерді қолдану арқылы будан терминдер жасауға болады. Бұл жерде шығу тегі әртүрлі негіздер мен шығу тегі әртүрлі префиксидтар бірігеді» [5, 14].

С.Құлманов өзінің «Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті» мақаласында будан терминдерді 7 топқа жіктейді: а) шет тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер; ә) шет тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер; б) қазақ тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер; в) қазақ тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер; г) орыс тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер; ғ) орыс тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер; д) орыс тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер. Зерттеуші қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуетін және оның сапалық көрсеткіші тұрғысынан анықтау мақсатында 2014 жылы шыққан 30 томдық қазақша-орысша сөздікті зерттеу жұмысын жүргізеді, зерттеу нәтижесінде сөздікте гибрид терминдер саны 16798, пайызға келгенде 2,47 % құрады» деп тұжырымдайды [6, 50].

Сәулет-құрылыс терминдерін зерттеу барысында анықталғаны, бұл салада терминологиялық сөздіктер санының аздығы. Дегенмен де, интернет желісінде *termincom.kz* веб-сайтында сәулет және құрылыс индустриясы бойынша 10613 термині жүктелген. Осы терминдерді қолданып, құрылыс- сәулет саласындағы будан терминдерді жоғарыда көрсетілген жіктеу бойынша талдау жасадық.

- шет тілі сөзі мен орыс тілі сөзі арқылы жасалған терминдер: *автоклав, аэрограф, автобаза, автокран, автомагистрал, автопарк, автопойыз, аэродинамика, автозауыт, биомеханика, биополимер, виадук, газсиликат, газбетон, гидроакустика, гидротехника, геотектоника, разрядты-модульды, фибрабетон, экспликация, экстрактор, экскаватор;*

- шет тілі сөзі мен қазақ тілі сөзі арқылы жасалған терминдер: *автобетонтасығыш, автобекет, автобұғаттау, автобетонараластырғыш, бетонсорғы, бетонтөсегіш, биосүзгі, биотоган, биоүлдір, вакуум-сорғыш, вакуум-сүзгі, винипласт құбыр, газқұбыр, газкүлбетон, инфрақұрылым, органикалық топырақ, рамалы-жалғастырғыш қаңқа, радиалдық тұндырғыш, ферматасығыш, фибробетон, электрқожды пісіру, электрдогалы;*

- қазақ тілі сөзі мен шет тілі сөзі арқылы жасалған терминдер: *бірконсолды арқалық, біртаврлы арқалық, біршифті блок, бейорганикалық тұтқыр, бірфракциялы толтырғыш, көпфракциялы толтырғыш, оттекті-ацетилен кескіш, шыныбетон құрылма, шыныпанель, шыныпластик, шыныпрофилит, шынырубероид, шынытекстолит;*

- қазақ тілі мен орыс тілі сөзі арқылы жасалған терминдер: *бірзарядтық, бірконсолды арқалық, біршифті блок, бейорганикалық тұтқыр, тісті анкер, тас дизайн-радиатор;*

-шет тілі сөзіне қазақ тілінің жұрнақтары жалғанған терминдер: *бетондау, газдандыру, арматуралық анкер, армирленген бетон, ацителендік генератор, буферлік блок, дифракциондық талдама, дросселді арматура, деаэракторлы бак, изометриялық тұтасқұйма, индукциялық жылытқыш, инвентарлық қалып, консолды арқалық, коагуляциялық ванна, керамзитті қиыршықтас, мемориалдық ғимарат, нитроцеллюлозалы лак, понтонды көпір, рубероидтық жабын, текстураланған зертас, техникалық база, газбен жылыту, магнезитті цемент, техногендік топырақ;*

- орыс тілі сөзі мен шет тілі сөзі арқылы жасалған терминдер: *армацемент, барокамера, баротехнология, баптистерий, вакуум-эжектор агрегаты, геокриология, дефектоскопия, изотерма, поливинилхлорид линолеум, шлюз камерасы, электр калорифер;*

- орыс тілі сөзі мен қазақ тілі сөзі арқылы жасалған күрделі терминдер: *армакөбікбетон, асфальтқызыдырғыш, асфальтөсегіш, агроөнеркәсіп кешені, бетонтасығыш, блоктөсегіш, блоктасығыш, бұрандалы компрессор, бірбуынды газолдер, болат дизайн-радиатор, бөгет диафрагмасы, булы калорифер, дәлізді-секциялы үй, дірілді конвейер, жүк барабаны, жол битумы, жел зонды, желдеткіш коллектор, инфрақұрылым, импульсты-доғалы пісіру, пластмассатолтырғыш, термооқшаулағыш бетон, тікұшақ кран, электрқалқан;*

- орыс тілі сөзі мен орыс тілі сөзі арқылы жасалған күрделі терминдер: *антистатик,, антропометрия, ареостиль, архивольт, архитектон, арболитбетон, армаполибетон, битум-каучук мастика, велодром, вестибюль, газгипс, газсиликат, гидрпарк, гидротрансформатор, гидроэлектростанция, керамзитбетон блок, микроклимат, метрополитен, метантенк, пневмобетон, постмодернизм, романцемент, термоэлектр, фибрабетон, электрдренаж, энциентр, этилацетат, борсиликат, винипласт құбыр.*

Зерттеу нәтижесінде құрылыс және сәулет терминологиясының басым бөлігі шет тілінен енген сөздер және олар тілімізде жиі қолданыста жүргенін көреміз. Ал терминологиялық сөздіктердің құрамына келетін болсақ, сөздіктердің құрамына осы саладағы ресми құжаттардағы кеңінен қолданылып жүрген жаңа терминдер енгізілмегенін байқаймыз. Мысалы: *гипсакартон, алинекс, левкас, изовер, металлосайдинг, плитус, металды шифер, профлист, төсеме бояу, құм блогы, таунхаус, фитинг, армстронг төбесі.*

Теміртау индустриалды-технологиялық колледжінің өндірістік маманы, оқыту шебері құрылыс саласындағы будан атауларды зерттеп, мақаласында будан терминдерді түрік изафетінің заңдылықтары бойынша жіктеп көрсетеді. «Түркі изафетінің заңдылықтары бойынша жасалған терминдер, бірінші заңдылық бойынша ілік септігі түсіп қалып сөздің екінші бөлігіне тәуелдік жалғауының 3-ші жақ жалғауы жалғанады, мысалы *арматуралау жұмыстары, асбест цементі, газ пеші, газ-ауа қоспасы, газ құбыры, газ қоймасы, шеген диаметрі, жол битумдары, Мавритан стилі, магистраль негізі, үй макеті, макет шеберханасы, бетон маркасы, аэро-сурет масштабы, материал сыйымдылығы, құрылыс машиналары, жиһаз материалдары, неон шамы, жөндеу цехы, спутник антеннасы, жылу изоляторы, щит аспабы. Түркі изафетінің екінші заңдылығы бойынша жасалған будан атаулар, бұл заңдылық бойынша екі зат есімдік топтың бір-бірін анықтап, ешбір қосымшаларсыз қабыса байланысуы арқылы жасалады. Бұларға қалқан *паркет, металл шатыр, қара май бетон* сөздерін жатқызуға болады. Түркі изафетінің үшінші заңдылығы бойынша жасалған будан атаулар, мысалы *бетонның жасы (возраст бетона), магнит тілінің ауытқуы.* Бұлар терминдік еркін сөз тіркестері болып табылады. Осындай тәсілмен, бірақ жазуда олардың терминдік әлеуетін баса көрсету үшін бірге жазылатын терминдер де кездеседі. Мысалы төменде көрсетілген құрылыс саласындағы будан терминдер *электрқозғалтқыш, электрбәрбі, электржабдықтау, энергиясыйымдылық, газжүргізгіш, бетонтасығыш, бетонсындырғыш, бетонараластырғыш, шыныблок* терминдерін жатқызуға болады» [7].*

Түркі изафетінің бірінші және екінші тәсілдері бойынша жасалған будан сөздер біртәуір белсенді сөздер, ал үшінші тәсілі бойынша жасалған будан сөздер белсенділік танытпайды.

Сонымен қоса, шетел тілінен енген терминдер қазақ тілінде құрылымдық жағынан көбейіп, будан атаулар ретінде қарастырылып жүргендері де бар. Мысалы, *батарея-бу*

радиаторы, сайдинг дегеніміз қаптағыш панель немесе қорғағыш-декоративті тақта (бұл бір сөзден жасалған терминдер). Келесі бір будан атаулар үштен жоғары сөз бөлшектерінен жасалып, қабаттасып, қосымша жалғанған күрделі терминге айналады, мысалы армакөбікбетон, көшпелі бетонқоспалауыш, мұнарлы биосүзгі, саптамалы абсорбер, сылақшы агрегат, екісатылы биосүзгі, сужинағыш гидротрап, вакуумдық әйнектазартқыш, вакуумдық гидрокүшейткіш, вакуум-әжектор агрегаты, гилзалаық-сырықтық анкер, мастикалы-құмды оқшаулау. Ал кейбір будан атауларда тірек сөзі төл тілінде сақталып, мағынасы мен ұғымдары ғана аударылған да терминдер кездеседі. Агрегат құрылыс терминін мысалға алатын болсақ, төл сөзін сақтап қалып, басқа сөзбен тіркесіп, әртүрлі ұғымды білдіретін термин болып табылады: агрегат – вакуум-әжектр, бұрғылау, пісіруші, газ-трубиналы, сусалқындатқыш, пісіруші, тегістеуші; сол сияқты арматура термині - пештік, пісірілген, қорғасын; бетон термині – аса ауыр, армирленбеген, автоклавты, темір, асфальтты, ауаөтпес, автоклавты, атмосфераға төзімді, бекімеген деген будан терминдер санын құрайды.

Будан сөздердің жасалу жолдары әр түрлі болатынын жоғарыда айттық. Зерттеу материалдары бойынша бұл атауларды жалпылама екі топқа бөліп жіктеуге болады: Бірінші топқа ең жиі кездесетін топ шет тілі сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған будан атаулар, ал екінші топқа шет тілі сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған будан терминдер. Бірінші топ шет тілі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған будан атауларға жиі кездескен шет тілдеріне грек, латын және ағылшын тілдерін жатқызамыз.

1. Қазақ тілі + грек тілі – баротехнология, барокамера, биогаз, биокоагулятор, биожемірілу, биоүлдір, биомеханика, биополимер, биотоган, биосүзгі, биотенк, макроклимат, микроклимат, микроқадалар, микросүзгі, микропішімдер, геокриология, геотектоника.

2. Қазақ тілі + латын тілі – гидроакустикалық бассейн, гидротехникалық бетон, гидрооқшау, гидроқоспытқыш, гидроизол, гидротрап, гидротрансформатор, гидростатикалық қысым, гидрофобтандырғыш сұйықтық, гидрофильді портландцемент, дегидрация, декарбондау, демонтаж, деконструктивизм, демпфирлеу, реконструкция, респиратор, ренессанс.

3. Қазақ тілі + ағылшын тілі – микроқадалар, метатапсырма, көбікпласт.

Екінші топқа шет тілі сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған будан терминдер, бұл топқа шет тілдері ретінде грек және латын тілдері, латын және грек тілдері, грек және француз тілдері, латын және ағылшын тілдері, грек және неміс тілдерінің және т.б. шет тілдері сөздерінің бірігуін жатқызамыз. Мысалы аэромаяк, проторенессанс, магнитометр, автокран, газконденсат, постмодерн.

Құрылыс саласындағы сөздіктерді зерттеу барысында біз сөздіктердің ішінен сәулет-құрылыс терминдер саласындағы жаңа сөздер саны аз екенін байқадық, атап айтсақ алинекс, левкас, сайдинг, гипсокартон, кеспе тас, металды шифер, сплитерлі кірпіш, ламинат, линолеум, реконструкция, көбіктік блок, пішімделген төсем, демонтаж, төсеме бояу сияқты терминдер.

Қорытынды

Сәулет-құрылыс тілінің лингвоқұрылымдық талдауы туралы айтатын болсақ, қосалқы лингвистикалық құрылымдық ішкі жүйе ретінде оның тілге ортақ кейбір әмбебап ерекшеліктері бар, сонымен қоса тек қана осы салаға тән ерекшеліктері бар деп қорытынды жасауға болады. Оның айрықша белгілері «жүйелілік» және «толықтылық» болып есептеледі. Ортақ стильдік белгілері субъективті бейтараптық, эмоционалдылықтың болмауы және қысқалық. Жалпы күнделікті қолданыстағы тіл мен сәулет және құрылыс тілі арасындағы мағыналық айырмашылықтарды лексика саласында көруге болады. Архитектуралық лексика әрқашанда басқа тілдер арасында белгілі бір мақсаты бар ерекше орынға ие болды. Ол осы құрылыс саласындағы белгілі бір ұғымдарды білдіретін шектеулі терминологиялық лексикаға ие, сонымен қатар кейбір құрылымдық және семантикалық сипаттарға ие және күнделікті қолданыстағы халыққа белгілі негізгі ұғымдарды білдіреді. Мысалы, «құрылыс», «ғимарат», «тұрғын үй» және «дизайн» сияқты ұғымдар. Осылайша,

жалпы лексикондағы сөздер терминдерге айналып, бірақ өзінің жаңалығын жоғалтты. Бұл екі пікірдің де мағынасы бар. Өйткені мәдениеттің дамуының бастапқы кезеңдерінде арнайы лексика жалпы сөздерді қолдану негізінде пайда болды. Кейінірек, арнайы білімнің дамуымен көптеген арнайы сөздер үйреншікті болып, қосымша мәндер пайда болды. Бұл жағдайда осы сөздердің формаларын ажырату мәселесі туындайды, бұл мәселені арнайы анықтамалардың болуын тексеру арқылы шешуге болады. Алайда, бұл арнайы сөздіктердегі әрбір терминнің мағынасын тексеру дегенді білдірмейді, өйткені олар осы терминдердің негізгі көздері болып табылады. Осылайша, арнайы лексиканы жалпы қолданыстан ажырату мәселесін пайдаланылған ресурстардың көмегімен шешуге болады. Сөздіктерде тіркелмеген терминдерге келетін болсақ (әдетте жаңа), бұл терминдер мәтінде орындайтын функциялары бойынша ерекшеленеді.

Мәдениетаралық ынтымақтастық пен кәсіби интеграция нәтижесінде қазақ тілінің құрылыс терминологиясы инновациялық құрылыс технологияларының соңғы белгілерімен белсенді түрде толығырақ, ал кірме сөздер құрылыс және сәулет терминологиясы қалыптасуы мен дамуының бірден бір көзі болып табылады. Құрылыс саласындағы бұдан терминдерге келетін болсақ бұл терминдерді де кірме терминдер қатарына жатқызамыз, себебі басқа тілден аударған кезде шеттілік префикс аударылмай, өзінің бастапқы қалпын сақтап қалады. Бұл салада шетел тілінің префикстарының қолданылумен жасалған бұдан терминдер саны аз, көбінесе бұл терминдер сөздің басында келетін *авто, аэро, био, гидро, гео, нео* сияқты бөлшектердің көмегімен жасалады, сонымен қатар кірме сөздерге немесе калькаланған кірме сөздерге қазақ тілінің жалғаулары және күрделі аффикстер жалғануы арқылы жасалады: *-лық/, -тік, -лы/, -ті, -ғы/, -кі, -ғыш, -уыш/уіш, -ла+у, -т+та+у, -т+тан+дыр+у, -т+тан+дыр+ған, -ла+йтын, -да+у+шы*. Құрылыс саласындағы бұдан атаулар кірме терминдерге не болмаса калька кірме терминдерге қазақ тілінің жалғаулары жалғануы арқылы жасалады.

Қорытындылай келе, сәулет және құрылыс бір жағынан мәдениеттің бір бөлігі деп айту керек, ал екінші жағынан, технологиялық процестің нәтижесі. Құрылыс өнері тарихының мамандары мен жанкүйерлері үшін үлкен қызығушылық тудыратын белгілі бір лексиканы тудырды. Сәулет және құрылыс саласындағы лексика алуан түрлі, өйткені ол тек құрылыс процесін жалпылай зерттемейді, сонымен қатар оның негізгі бағыттарын, қолдану аясын зерттейді. Бұл дегеніміз, құрылыс өнерінің сөздік қоры күн санап артып келуіне мүмкіндік туғызады.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі.

Несіпбай А.Ш. – тұжырымдаманы құру, тілдік материалдар жинау және талдау. Әбікенова Г.Т – теориялық материалдарды жинақтау және талдау, зерттеу нәтижелерін синтездеу.

Әдебиеттер тізімі

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография – Алматы: Сардар, 2014. – 928 б.
2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңы. – Алматы: Юрист, 2010. – 68 б.
3. Мұсылманбекова Қ.Қ. Құрылыс терминологиясының ерекшеліктері// Терминологиялық хабаршы. – 2011. – №1 (35). – 32-36 б.
4. Момынова Б.Қ. Қазақ тіліндегі гибрид сөздер және тіл тазалығы проблемасы//ҚР ҰҒА академиясы, ф.ғ.д, профессор М.С. Серғалиевтың 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. – 47-51 б.

5. Лотте Д.С. Вопросы заимствования и употребления иноязычных терминов и терминологических элементов. – Москва: Наука, 1982. – 152 с.
6. Құлманов С. Қазақ тілі терминологиялық қорының әлеуеті //Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №3 (136). – 50-62 б.
7. Қуантхан Д. Құрылыс саласындағы будан терминдердің жасалу ерекшелігі // Терминологиялық хабаршы. – 2022. – № 2 (63). – 132-136 б.
8. Сарқыт Ә. Термин қалыптастыру тәжірибесінен//Терминологиялық Хабаршы. – 2022. – №1 (62). – 65-71 б.
9. Айтбайұлы Ә. Қазақ тілінде термин жасау жолдары мен принциптері хақында//Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002. – 105 б.
10. Kulmanov S. Genealogic and grammatical character of hybrid terms in the Kazakh language //The Scientific Heritage. – 2022. – №87. – 32-38 б.
11. <https://termincom.kz>
12. Nessipbay A., Abikenova G. Semantic and functional features of hybrid words in the modern Kazakh language//Scientific Herald of Uzhhorod University. Series “Physics”. – 2024. – Issue 55. – P.147-154. DOI: <https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.14kr7>

А.Ш.Несипбай*, Г. Т. Абикенова
Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан

Способы формирования гибридных терминов в сфере строительства и архитектуры

Аннотация. Проникновение слов из другого языка в родной язык, в некоторых случаях и путем их перевода тем или иным способом, обогащает словарный запас родного языка. В эпоху советской власти лексика тюркских языков, в том числе и лексический состав казахского языка, пополнялась словами из русского языка, вследствие чего и расширилась область его применения. Словарный запас определенного языка обогащается за счет внутренних возможностей языка, за счет создания производных слов от существующих слов, а также за счет заимствования новых слов из других языков. Основной целью данной статьи является изучение способов создания гибридных терминов в области строительства и архитектуры в современном казахском языке, определение лингвистического характера данных терминов, анализ грамматического строя, а также определение причин и закономерностей появления данных типов терминов в сфере строительства. В задачи исследования входит отбор материалов, выявление источников, времени проникновения заимствованных слов в казахский язык, семантика и создание типологии терминологических единиц иностранного языка. В качестве материала исследования использовались профессиональные тексты в области строительства, материалы энциклопедий, коммерческих каталогов и терминологических словарей и стандартов. Определены источники внедрения иностранных слов в казахский язык и представлена типология иноязычных номинаций. В статье выделены лексические, морфемные, синтаксические и смысловые заимствованные слова. А также приведены примеры использования гибридных лексических единиц в профессиональной интернет-коммуникации.

Ключевые слова: строительная терминология, архитектура, гибрид, заимствованные слова, лексические единицы, калька, казахский язык, словообразование.

A.Sh. Nessipbay*, G. T. Abikenova
Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan

Formation of hybrid terms in the construction and architecture sphere

Abstract. The penetration of words from another language into the native language, and in some cases through their translation in one way or another, enriches the vocabulary of the native language. During the Soviet period the vocabulary of Turkic languages including the lexical word composition of the Kazakh language was replenished with words from the Russian language. As a result of this, the scope of Kazakh language application was expanded. The vocabulary of a certain language is enriched due to the internal capabilities of the language, through the creation of derivative words from existing words as well as through the borrowing of new words from other languages. The main purpose of this article is to study ways of formation of hybrid terms in the construction and architecture sphere in the modern Kazakh language, to determine the linguistic nature of these terms, to analyze the grammatical structure, as well as to determine the reasons and patterns of the appearance of these terms in the construction sphere. The objectives of the research include selection of materials, identification of sources and time of penetration of borrowed words into the Kazakh language, semantics and creation of a typology of terminological units of a foreign language. Professional texts in the field of construction, materials from encyclopedias, commercial catalogs and terminological dictionaries and standards were used as research material. The sources of introduction of foreign words into the Kazakh language are identified and a typology of foreign language nominations is presented. The article highlights lexical, morphemic, syntactic and semantic borrowed words.

Keywords: construction sphere, architecture, hybrid, loan words, lexical units, calquing. Kazakh language, word formation.

References

1. Kurmanbaiuly Sh. Kazak terminologiasy: zertteuler, oqulyk, sozdik, bibliografia [Kazakh terminology: research, tutorial, dictionary, bibliography] (Sardar, Almaty, 2014, 928 p.) [in Kazakh]
2. Kazakstan Respublikasynyn 2001 zhyly 16 shildedegi №242 «Saulet, kala kyrylysy zhane kurylys kyzmeti turaly» zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 16, 2001 No. 242 «On architecture, urban planning and construction activities»] (Jurist, Almaty, 2010, 68 p.) [in Kazakh]
3. Mysylmanbekova K.K. Kyrylys terminologijasynyn erekshelikteri [Features of construction technology], Terminologiyalyk habarshy [Bulletin of Terminology], 1(35), 2011, 32-36p.) [in Kazakh]
4. Momynova B.K. Kazak tilindegi gibrid sozder zhane til tazalygy problemasy [Hybrid words in the Kazakh language and problems of language purity] KR UGA akademigi, f.g.d, professor M.S. Sergalievtyyn 80 zhyldygyna arnalgan halykaralyk gylymi-teorijalyk konferenciya materialdary. Ruhani zhangyru zhane til bilimi maseleleri [Materials of international scientific-theoretical conference dedicated to 80th anniversary of academician of NSA of RK, doctor of philological sciences Sergaliev M.S. Spiritual awakening and language issues.] (Astana, 2018, 47-51p.) [in Kazakh]
5. Lotte D.S. Voprosy zaimstvovaniya i upotrebleniya inozazychnyh terminov i terminoelementov [Questions about loan words and the usage of foreign terms and term elements] (Nauka, Moscow, 1982, 152 p.) [in Russian]
6. Kulmanov S. Kazak tili terminologiyalyk korynyn aleueti, L.N. Gumilyev atyndagy Eurazia ulttyk universitetinin habarshysy. Filologija seriyasy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series], 3(136), 2021, 50-62p.). Available at: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-136-3-50-62> [in Kazakh]
7. Kuanthan D. Kurylys salasyndagy budan terminderdin zhasalu ereksheligi [The peculiarities of formation of hybrid terms in construction], Terminologiyalyk habarshy [Bulletin of Terminology], 1(63), 2022, 132-136p.) [in Kazakh]
8. Sarkyt A. Termin kalyptastyru tazhiribesinen [From the experience of term formation], Terminologiyalyk habarshy [Bulletin of Terminology], 1(62), 65-71 (2022). [in Kazakh]

9. Aitbaiyly O. Kazak tilinde termin zhasau zholdary men principteri hakynda. Kazak terminologijasynyn ozekti meseleleri [On the methods and principles of the formation of terms in the Kazakh language. Actual problems of Kazakh terminology] (Astana, 2002, 105 p.) [in Kazakh]
10. Kulmanov S. Genealogic and grammatical character of hybrid terms in the Kazakh language, *The Scientific Heritage*, 87, 32-38 (2022).
11. <https://termincom.kz>
12. Nessipbay A., Abikenova G. Semantic and functional features of hybrid words in the modern Kazakh language, *Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics*, 2024(55), 147–154 (2024). DOI: 10.54919/physics/55.2024.14kr7

Авторлар туралы мәлімет:

Несипбай А.Ш. – хат-хабар үшін автор, PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-3317-2007.

Әбікенова Г.Т. – филология ғылымдарының докторы, профессор м.а., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-7261-3039.

Несипбай А.Ш. – автор для корреспонденции, PhD докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан. ORCID: 0000-0002-3317-2007.

Абикенова Г.Т. – доктор филологических наук, и.о. профессора, Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан. ORCID: 0000-0002-7261-3039.

Nessipbay A.Sh. – corresponding author, PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-3317-2007.

Abikenova G.T. – Doctor of Philology, Acting Professor, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-7261-3039.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).